

Ақтөбе облысы Ақтөбе және Хромтау аудандарының арасындағы әкімшілік шекараны өзгерту

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 14 маусым N 827

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылуы туралы" 1993 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10 /5-тармағы/ және 16 баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Ақтөбе облыстық мәслихат-жиналысының және облыс әкімінің Красносельский, Үлке, Нефтяник және Ақтасты /жалпы көлемі 46011 га аумақ/ селоларын Ақтөбе облысының Хромтау ауданынан көрсетілген аудандардың шекаралары өзгертіліп, Ақтөбе ауданына беру туралы ұсынысы қабылдансын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары